

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
29.12.2021 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Төрағасы Н. НИГМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
от 29.12.2021 года
Вел заседание Председатель
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
Н. НИГМАТУЛИН.**

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, келесі мәселе – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әскери қызмет және арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлері мен әскери қызметшілердің тұрғын үй қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде. Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары Дарын Шылбынұлы Тұяқов мырзаға беріледі.

ТҰЯҚОВ Д.Ш. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! Сіздерге арнаулы орган қызметкерінің, әскери қызметшінің, оның отбасы мүшесінің әлеуметтік жағдайын жақсартуға, әскери қызмет атқаруды реттеуге бағытталған заң жобасы ұсынылады.

Бұл ретте үш заңға түзету енгізіледі.

«Тұрғын үй қатынасы туралы» Заңда:

1) қайтыс болған әскери қызметшінің, арнаулы орган қызметкерінің отбасы мүшесіне қызметтік тұрғын үйді жекешелендіру, ақшалай өтемақы алу, айырбастау құқығын беру;

2) қызметтік тұрғын үйді қалдық құны бойынша немесе өтеусіз жекешелендіру;

3) қызметтік үймен екі рет қамтамасыз етуді шектеу;

4) «Модульді тұрғын үй» ұғымын енгізу ұсынылады.

Қарулы Күштер, басқа да әскер мен әскери құралым үшін «модульді тұрғын үй» ұғымы алғаш рет енгізіледі.

Бұл жылдам, қажет болған кезде тұрған жерін ауыстыруға болатын тұрғын үй. Оларды сатып алу қысқа уақытта әскерді тұратын орынмен қамтамасыз етуге, ал геосаяси жағдай өзгергенде, оларды осы үймен бірге басқа жерге шығынсыз көшіруге мүмкіндік береді.

«Әскери қызмет және әскери қызметшінің мәртебесі туралы» Заңда:

1) әскери қызметшінің құқықтары мен міндеттерін кеңейту, заң жобасында әскери қызметшіге арнаулы орган қызметкеріне ұқсас құқық беру, міндеттер жүктеу;

2) аттестаттау кезінде полиграфология жүргізу;

3) әскери қызметтің үздіксіз болуын белгілеу (заң жобасында әскери қызметші қызметтен шығарылған күннен бастап оны қайтадан қызметке алғанға дейін үш айдан аспаса, осы уақытта еңбек қатынасы болмаса, оның әскери қызметі үздіксіз деп танылады);

4) әскери қызметшінің материалдық жауаптылығы ұсынылады.

Заң жобасында әскерге шақыру, келісімшарт бойынша әскери қызметшінің жиын кезінде әскери міндетінің абайсызда келтірген залалы үшін материалдық жауаптылығын заңнамалық тұрғыдан белгілеу ұсынылады. Бұл ретте залал әдейі келтірілген кезде әскери қызметшінің толық материалдық жауаптылығы сақталады.

«Арнаулы мемлекеттік орган туралы» Заңда әскери қызметшінің, арнаулы орган қызметкерінің қызмет атқару тәсілін реттеуге бағытталған түзетулер көзделеді.

Осы заң жобасы әскери қызметшіні, арнаулы орган қызметкерін әлеуметтік қамтамасыз етуді жақсартуға, кемшіліктерді жоюға, әскери қызметті регламенттеуге мүмкіндік береді.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Баяндама аяқталды.

Енді, құрметті депутаттар, сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Сөз депутат Шиповских Геннадий Геннадиевичке беріледі.

ШИПОВСКИХ Г.Г. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Дарын Шылбынұлы! Қаралып отырған заң жобасында әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің тұруы үшін жабық әскери қалашықтарда орналасқан «модульді тұрғын үй» деген жаңа ұғым енгізіліп отыр.

Әрине, бұл модульді тұрғын үй уақытша болатыны бәрімізге түсінікті, дегенмен ол тұрғын үйге қойылатын белгілі бір стандарттар мен нормативтерге сәйкес келуі тиіс. Мұндай үйлер бірыңғай жоба бойынша салынуы оңтайлы болар еді деп ойлаймын.

Осыған байланысты, құрметті Дарын Шылбынұлы, айтыңызшы, бүгінгі таңда модульді тұрғын үйлердің стандарттары әзірленді ме және мұндай тұрғын үйлерге қандай талаптар қойылатын болады? Рақмет.

ТҰЯҚОВ Д.Ш. Сұрағыңызға рақмет.

Елімізде модульді үйлер тұрғызу үшін стандарттар бар, сондықтан олар қабылданған талаптарға сәйкес жүргізіледі. Бұл екі-үш бөлмелі жабдықталған үйлерге қойылатын талаптар сияқты болады.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Бойчин Анатолий Васильевичке беріледі.

БОЙЧИН А.В. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Уважаемый Дарын Шылбынович! В соответствии с действующим законодательством военнослужащие, проходящие воинскую службу по контракту на должностях солдат, матросов, сержантов, старшин и прослужившие не менее восьми лет, имеют право на возмещение затрат на

обучение в высших учебных заведениях нашей страны в размере 50 процентов от стоимости обучения.

В законопроекте предлагается, что вышеуказанные военнослужащие в случае увольнения по отрицательным мотивам либо при прекращении казахстанского гражданства обязаны возместить деньги, затраченные на их обучение.

Поясните, пожалуйста, каков механизм реализации указанной нормы и предусмотрена ли ответственность в случае ее неисполнения? Спасибо.

ТҰЯҚОВ Д.Ш. На самом деле военнослужащим при увольнении с воинской службы по отрицательным мотивам предлагается в добровольном порядке возместить эту сумму. В случае, если со стороны военнослужащего будет дан отказ, местные органы военного управления обращаются в суд, то есть предусмотрена гражданско-правовая ответственность военнослужащего.

Есть еще случаи, когда военнослужащий прекращает гражданство и переезжает в другую страну либо не проходит аттестацию. В данных случаях он также должен возместить данную сумму.

ТӨРАҒА. Ясно, спасибо.

Сөз депутат Платонов Артур Станиславовичқа беріледі.

ПЛАТОНОВ А.С. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Уважаемый Дарын Шылбынович! Как известно, наше государство оказывает всестороннюю социальную поддержку военнослужащим. Это обусловлено несением воинской службы как в условиях повышенной нагрузки, так и в неблагоприятных климатических условиях. Социальная поддержка актуальна также в условиях продолжающейся пандемии коронавирусной инфекции.

В рассматриваемом законопроекте право военнослужащих на медицинское обеспечение дополнено правом на санаторно-курортное лечение в соответствии с законодательством нашей страны.

Поясните, пожалуйста, какие теперь появляются возможности у военнослужащих при реализации этого права? Спасибо.

ТҰЯҚОВ Д.Ш. Спасибо за вопрос.

Сегодня такая норма уже предусмотрена для служащих специальных государственных органов. После того, как данная поправка будет внесена в соответствующий закон, у военнослужащих тоже появится такая возможность, то есть у Министерства обороны появится возможность планировать бюджет с полноценным охватом всех категорий военнослужащих (при наличии медицинских показаний).

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар, сұрақтарымыз аяқталды.

Дарын Шылбынұлы, рақмет Сізге. Орныңызға отырыңыз.

Енді, құрметті әріптестер, қосымша баяндама жасау үшін сөз Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі депутат Тайжанов Ерлік Серікбайұлына беріледі.

ТАЙЖАНОВ Е.С. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті әріптестер! Заң жобасы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2019

жылғы 2 қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауын әскери қызметтің беделін арттыру бөлігінде іске асыруға, сондай-ақ әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің әлеуметтік пакетін, оның ішінде тұрғын үймен қамтамасыз ету саласында жақсарту жөніндегі шаралар кешенін әзірлеу туралы тапсырмаларын орындауға бағытталған.

Заң жобасын қарау барысында Мәжілістің комитеттерінен және депутаттардан 170-тан астам ескертулер мен ұсыныстар келіп түсті, олар жұмыс тобының отырысында зерделеніп, талқыланды.

Депутаттар:

«тұрғын үй төлемдерін алушылар» ұғымын;

мемлекет есебінен арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне және әскери қызметшілерге тұрғынжайды меншікке екі рет сатып алуды болғызбауға бағытталған нормаларды;

әскери қызметтен босатылған әскери қызметкерлер қаза тапқан жағдайда жекешелендіру құқығы ауысатын, тұрғын үй заңнамасының субъектілерін нақтылауға бағытталған түзетулер енгізді.

Бұдан басқа:

әскери қызметте болудың шекті жасына жеткен әскери қызметшілерге, оның ішінде Президент тағайындайтын әскери қызметшілер үшін әскери қызмет мерзімін бес жылға дейін ұзартуға;

арнаулы мемлекеттік органдардағы қызметке кір келтіретін теріс қылықтардың жаңа құрамдарымен толықтыруға бағытталған нормалар енгізілді.

Аталған түзетулер арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің, әскери қызметшілердің және олардың отбасы мүшелерінің тұрғынжайға құқықтарын іске асыру кезінде тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету, әскери қызмет пен арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет өткеру тәртібін одан әрі жетілдіру үшін қажет.

Заң жобасының нормалары қолданыстағы заңнамаға сәйкес келтірілді, комитеттер мен депутаттардың ескертулері мен ұсыныстары ескеріле отырып пысықталды, сондай-ақ нақтылаушы және редакциялық сипаттағы түзетулер енгізілді.

Барлық мүдделі мемлекеттік органдар мен ардагерлер ұйымдары өкілдерінің қатысуымен жұмыс тобының он екі отырысы өткізілді.

Салыстырма кесте 153 позициядан тұрады. Қабылданбаған позициялар жоқ.

Құрметті әріптестер! Аталған заң жобасы Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің отырысында қаралып, мақұлданды.

Баяндалғанды ескере отырып, заң жобасын қолдауды және оны Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенатына қарауға жолдауды сұраймыз.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Ерлік Серікбайұлы.

Құрметті депутаттар, енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Смағұл Бақытбек Смағұлұлына беріледі.

СМАҒҰЛ Б. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті әріптестер! Тәуелсіздіктің 30 жылы ішінде Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың үнемі назар аударып отыруының арқасында заманауи және жоғары кәсіби армия құрылды.

Жоғарғы Бас Қолбасшы, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қарулы Күштерді нығайту бойынша осы бағытты жалғастыруда.

Осылайша, ол Қазақстан Республикасының 2021 – 2025 жылдарға арналған ұлттық қауіпсіздік стратегиясын, Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды құру мен дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын, «Қауіпсіз ел» ұлттық жобасын бекітті. Ел Президентінің әскери доктринаны қайта жаңарту және еңбек нарығында сұранысқа ие аралас жұмысшы мамандықтары бойынша мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерді даярлауды ұйымдастыру жөніндегі тапсырмалары іске асырылуда.

Жауынгерлік даярлықтың негізгі көрсеткіші шендегі адамдарды әлеуметтік қамсыздандыру деңгейі болып табылады.

Әскери қызметшілер мен арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің лайықты ақшалай және заттай үлеспен, тамақпен қамтамасыз етілетіні, мемлекет есебінен медициналық көмек алатыны, олардың тұрғын үй алу тетігі ойластырылғаны белгілі.

Әскери қызметшілерді тұрғын үймен қамтамасыз етуге келер болсақ, ол төртінші жыл жаңа модель бойынша жүзеге асырылуда, әскерилер тұрғын үй төлемдерін жүзеге асыру арқылы тұрғын үймен қамтамасыз ету жүйесіне ауыстырылды. Бұл ретте әскери қызметшілердің кейіннен жекешелендіре отырып қызметтік тұрғын үй алу немесе ақшалай өтемақы алу құқығы сақталады.

Бүгін қаралып жатқан заң жобасы әскери қызметшілерді тұрғын үймен қамтамасыз етуге және әскери қызмет өткеруге қатысты бірқатар мәселелерді жетілдіруге бағытталған.

Бұл әскери қызметтің беделін арттыруға қосымша серпін беретіні сөзсіз.

Осы айтылғандарды ескере отырып, заң жобасын қолдауды және Парламент Сенатының қарауына жіберуді ұсынамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, басқа талқылауға жазылған депутаттар жоқ, ал талқылау барысында бір ғана ұсыныс түсті, ол – заң жобасын тұтастай мақұлдап, Парламент Сенатының қарауына жіберу. Қарсылықтарыңыз жоқ болса, онда осы ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Осы мәселе бойынша қаулының жобасы сіздерде бар. Сол бойынша да дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 101,
«жақтағандар» – 101. Қаулы қабылданды.



Дүрсін:

Құжаттағымен қамтамасыз ету
Әлеуметтік сектор меңгерушісі
Мамб Н. Шағынтаев.